

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

ҮЙ ШАРУАШЫЛЫҚТАРЫНЫҢ БЮДЖЕТІ, ОНЫҢ КІРІСТЕРІ МЕН ШЫҒЫСТАРЫ

Пазилов М.М.

killer_kz.93@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

Экономика факультеті «Қаржы» мамандығының 2 курс студенті

Ғылыми жетекші - Жамиева А.Е.

Үй шаруашылығы - банктерде сақталған салымдар, зейнетақы қордағы қаржылар. Үй шаруашылықтары экономикалық қызметтің маңызды субъектілерінің бірі болып келеді, олардың нәтижелерінен жеке шаруашылық бірлігінің ғана емес, жалпы елдің бүкіл халқының әл-ауқаты тәуелді болады. Экономиканың аса ірі субъекті бола отырып коммерциялық кәсіпорындармен және мемлекетпен бірге үй шаруашылықтары барлық макроорттеуші үдерістерге қатынасады. ХХІ ғасырдың басында экономиканың жандана түсуі үй шаруашылықтарын белсенді тіршілік етуге жеткізді.

Үй шаруашылықтары экономикалық агенттер ретінде негізінен отбасы мүшелерінің тіршілік әрекетін қолдауға қажетті игіліктерді тұтыну туралы шешімдер қабылдайды. Ақыр аяғында барлық экономикалық ресурстар үй шаруашылықтарына жатады, бірақ бұл ресурстар олардың арасында өте әркелкі бөлінген. Үй шаруашылықтарының басым көпшілігі жұмыс күшін иеленіп, басқарады. Үй шаруашылықтарының басты экономикалық мүддесі сатып алынатын игіліктердің пайдалылығын барынша көбейтуде болып келеді. Үй шаруашылықтарының тұтыну игіліктерін таңдауы рыноктық экономикада сұранымды қалыптастырады.

Экономикада үй шаруашылықтары мен кәсіпорындардың арасында айырбас болып жатады. Үй шаруашылықтары ресурстарға иелік етеді және оларды ресурстар нарықтары арқылы кәсіпорындарға береді. Кәсіпорындар ресурстарды пайдаланады, өнімдер өндіреді және тауарлар мен қызметтер нарықтарына жеткізеді. Үй шаруашылықтары мен басқа субъектілер арасындағы өзара іс-қимылдар нәтижесінде экономикада өндірістің жалпы көлемі қалыптасады [1].

Экономикалық теорияда үй шаруашылығы деп бірлесіп тұратын және ортақ бюджеті болатын бір немесе бірнеше адам жүргізетін шаруашылық ұғынылады. Үй шаруашылығы қоғамдық өндірісте шұғылданатын және шұғылданбайтын барлық жалдамалы жұмыскерлерді, ірі және майда капиталдар, жер, бағалы қағаздар иелерін біріктіреді. Ішкі мүмкіндіктермен қамтамасыз етілетін үй шаруашылықтарының едәуір әлуеті жөнінде ІЖӨ-дегі үй шаруашылықтары жасайтын өнім мен қызметтердің салыстырмалы жоғары және әрдайым көбейіп отырған үлесі растайды (17,6%, соның ішінде: 16,9% үй шаруашылықтарының секторы бойынша және 0,7% үй шаруашылығына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдарының секторы бойынша). ІЖӨ-ні нақты түпкілікті тұтынуға пайдалануда үй шаруашылықтарының секторы 50,7 %-ды алады [2].

Үй шаруашылығының қаржысы республикалық, жергілікті бюджеттермен және бюджеттен тыс әлеуметтік қорлармен және меншіктің түрлі нысандары кәсіпорындарының орталықтандырылмаған қаржыларымен, сондай-ақ қаржы нарығымен өзара іс-әрекет етеді. Олардың арасында үздіксіз біржақты, екі және үш жақты ақша ағындары пайда болады. Үй шаруашылығы мен мемлекет арасында ақша ағындарының тұрақты қозғалысы жүзеге асырылады. Үй шаруашылықтарының мүшелері мемлекеттік сектор үшін жұмыс күшін береді, мемлекетке өз өндірісінің тауарлары мен қызметтерін сатады, отбасы еңбекақы мен табыс алады. Бұдан басқа қаржылық қатынастар бюджетке және әлеуметтік бюджеттен тыс қорларға салықтар, алымдар, баждар және аударымдар төлеген кезде пайда болады. Сонымен бірге үй шаруашылықтары үкіметтен әр түрлі ақшалай трансферттер, сондай-ақ натуралдық нысанда қоғамдық игіліктер мен қызметтер алады.

Бюджет шеңберінде мынадай оқшауланған ақшалай қорлар қалыптасады:

- дара, отбасының жекелеген мүшелеріне арналатын және әр түрлі тауарлар сатып алуға, көңіл көтеруге, оқуға, медициналық қызмет алуға және сол сияқтыларға пайдаланатын қорлар;

- ортақ пайдаланатын тауарларды (теледидар, тоңазытқыш және т.б.) сатып алуға арналған бірлескен қор;

- қорланым мен қамтамасыз ету қорлары, болашақ күрделі шығыстарға (үй, пәтер, жер учаскесін, көлік құралдарын сатып алуға, сондай-ақ коммерциялық қызмет үшін бастапқы капиталды қалыптастыруға) пайдаланылады.

Мемлекет үй шаруашылығы бюджетінің көлеміне айтарлықтай ықпал жасайды, өйткені рыноктық экономикада ол түгелдей материалдық және ақшалай қаражаттардың жалпы толық айналымына біріктірілген [3].

Үй шаруашылықтарының шығыстары - адамның өмір сүруін жалғастыру үшін қажетті материалдық және рухани қажеттіліктерге жұмсалатын іс жүзіндегі шығындар, олар өзіне тұтыну шығыстарын және тұтынумен тікелей байланысты емес шығындарды кіріктіреді. Бұл шығындар үй шаруашылығының жекелеген мүшелерінің жұмыс күшін ұдайы толықтыру жөнінде өте маңызды рөл орындайды. Үй шаруашылығы бюджетінің шығыстары елдің экономикасында айтарлықтай рөл атқарады. Өзінің табыстарын пайдалана отырып, отбасы тауарлар мен қызметтер нарығын қалыптастырып, дамытуды қамтамасыз етеді. Үй шаруашылығы шығыстарының құрылымы тамақ өнімдеріне жұмсалатын шығыстар үлесінің басымырақ екенін көрсетеді.

Үй шаруашылықтарының кірістері- өндіріс үдерісінде жасалатын және шаруашылық мүшелерінің материалдық және рухани қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған ұлттық кірістің бір бөлігі. Бұл кірістер адамдардың өндіріс үдерісіндегі еңбек шығындарын өтеуі тиіс. Алайда қазіргі қоғамда ұлттық кірістің біркелкі бөлінбеуінен үй шаруашылықтарының жекелеген санаттарында ресурстар қажетті деңгейде тіршілікті қолдап отыруға жетіспейді. Сондықтан мемлекет бюджет пен бюджеттен тыс қорлар есебінен үй шаруашылықтарының қаражаттарын толықтырып отырады [2].

Үй шаруашылықтарының ақшалай табыстары деп үй шаруашылықтары мүшелерінің жалақысы, жеке-дара еңбек пен кәсіпкерлік қызметінен алынған табыс, зейнетақылар, стипендиялар, жәрдемақылар, өтемдік және басқа төлеулер (ізгіліктік көмекті қоса) пайыздар, дивидендтер, рента және меншіктен алған басқа табыстары, жеке қосалқы шаруашылықтың өнімін сатудан алған қаражаттар және өзге ақшалай түсімдер түрінде алған ақшалай қаражаттардың сомасын айтады.

Қоғамдық тамақтану, мектепке дейінгі білім беру сияқты әлеуметтік салалар халықтың басым бөлігін үй шаруашылығы салаларынан босатып, қоғамдық өндірістегі жұмысбастылықты көтеруге мүмкіндік туғызады. Әлеуметтік саясаттың негізгі мақсаты - қоғам мүшелерінің материалдық, мәдени және рухани қажеттіліктерін қамтамасыз ету. Әлеуметтік саясат – бұл барлық азаматтардың жан-жақты дамуы, тұрмыс жағдайы, әлауқатын жоғары деңгейде қамтамасыз етуге бағытталған экономиканы мемлекеттік реттеудің маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Республиканың қазіргі экономикалық кеңістігі әлеуметтік, экономикалық, экологиялық ерекше мәселелермен сипатталатын әр түрлі аумақтарды қамтиды.

Қорыта айтқанда, шығыс болмаса, кірісте болмайды. Үй шаруашылығы деп бірлесіп тұратын және ортақ бюджеті болатын бір немесе бірнеше адам жүргізетін шаруашылық түсініледі. Үй шаруашылығы теміні көп экономикалық әдебиеттерде отбасы терминіне ұқсас термин ретінде қолданылады. Үй шаруашылықтарының бюджеті мемлекеттің экономикасында үлкен рөл атқарады. Үй шаруашылықтарының шығыстары тамақ өнімдеріне жұмсалатын шығыстардың басым бөлігі екенін көрсетеді.

Тұтыну шығыстары дегенде тұтыну тауарлары мен қызметтерді сатып алуға бағытталған халықтың ақшалай шығыстарының бір бөлігі екен. Үй шаруашылықтарының жұмсайтын шығыстары мен тұтыну қызметтері мынадай қызметтерге жұмсайтын

шығыстардан қалыптасады: денсаулық сақтау, білім, көлік, байланыс, тұрғын үй-коммуналдық, тұрмыстық, қаржылық, мәдениет мекемелерінің, мейрамханалар мен қонақүйлердің қызметтері және т.б. Үй шаруашылығына қызмет көрсететін қоғамдық ұйымдардың ағымдағы шығындарына осы ұйымдардың кәсіпорындарының шығындарын коспайды. Мысалы, кәсіподақтың, саяси партияның баспасының шығындары қоғамдық ұйымдардың ағымдағы шығындары болмайды. Үй шаруашылықтарының жалпы кірістеріне ақшалай қаражаттардың көлемі болып табылатын ақшалай кірістер басым болады, олармен үй шаруашылығы өзінің шығыстарын қамтамасыз етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Құлпыбаев С., Мельников В.Д. Қаржы негіздері: Оқулық. –Алматы; LEM
2. Ғабит Ж.Х. Экономикалық теория: оқу-әдістемелік кешен. – Астана: 2006
3. Дмитриева Е.А. Финансы домохозяйств. Учебное пособие. Ин-т экономики. – Магадан : Кордис, 2007

УДК: 336.64

НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ НАЛОГООБЛОЖЕНИЯ ДОХОДОВ ФИЗИЧЕСКИХ ЛИЦ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Рахмен Амангул Амирбеккызы

rakhmen@bk.ru

студент 4 курса специальности «Финансы»

Экономического факультета ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель – к.э.н. РК и РФ, профессор Есымханова З.К.

В современных условиях с помощью налогов государство не только формирует доходы бюджета, но и осуществляет регулирование экономики. Вопросы налогообложения касаются как юридических лиц, так и широких слоев граждан. Индивидуальный подоходный налог (ИПН) - один из самых известных и широко распространенных налогов. Относится к прямым и личным налогам, входит в группу налогов на доходы и является источником доходов местных бюджетов. Он охватывает значительную часть населения той или иной страны.

Экономическое содержание этого налога проявляется в его регулировании, как уровня общественного производства, так и уровня потребления и уровня доходов населения.

Согласно Налоговому Кодексу Республики Казахстан налог – это установленный государством (в лице уполномоченного органа) в одностороннем порядке и в надлежащей правовой форме обязательный платеж, производимый налогоплательщиком в определенном порядке и размерах, носящий безвозвратный, безэквивалентный и стабильный характер, уплата которыми обеспечивается мерами государственного принуждения [1].

Основными признаками подоходного налога с физических лиц являются следующие:

- подоходный налог с физических лиц представляет собой обязательный денежный платеж, устанавливаемый государством исходя из экономических реалий, но строго директивно;
- налогом должны быть охвачены доходы всех групп граждан, вне зависимости от видов их деятельности;
- по объему финансовых ресурсов и сроку поступления в государственный бюджет налог обеспечивает определенность;
- налог не должен препятствовать развитию человеческого потенциала. На практике в любом налоге, в том числе и в подоходном налоге с физических лиц, должны соизмеряться его фискальная и регулирующая функции. [2].